

**Priority бизнес түрі бар жеке тұлға клиенттерге арналған
«Freedom Bank-тің Mastercard премиум төлем карталарымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар»
Арнайы ұсынысын өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Қағидалар ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank») болып табылатын «Freedom Bank-тің Mastercard премиум төлем карталарымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар» Арнайы ұсынысын (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізу талаптары мен тәртібін айқындайды.
- 1.2. Акция Банк шығарған банктік төлем карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыруды көздейді.
- 1.3. Арнайы ұсыныс туралы толық ақпарат Банктің ресми сайтында Priority бизнес түрі бар клиенттер үшін орналастырылады: <https://prioritybanking.bankffin.kz>

2. Терминдер мен анықтамалар

- 2.1. Арнайы ұсыныс — Priority бизнес түрі бар жеке тұлға клиенттерге (ҚР резиденттері және тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар) арналған «Freedom Bank-тің Mastercard World Elite премиум төлем карталарымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар» ынталандыру шарасы.
- 2.2. Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы — «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы.
- 2.3. Арнайы ұсыныстың операторы – «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 447) бұдан әрі – Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Арнайы ұсыныстың операторы».
- 2.4. Mastercard Europe SA – Арнайы ұсынысқа тапсырыс беруші.
- 2.5. Карта — Банк шығарған премиум банктік төлем картасы.
- 2.6. Қатысушы — Арнайы ұсынысқа қатысу талаптарына сәйкес келетін, Priority бизнес түрі бар жеке тұлға - Банк клиенті.
- 2.7. Транзакция — Банктің премиум Картасын пайдалана отырып, тауарларға/қызметтерге төлем жасау бойынша қолма-қол ақшасыз жүргізілетін операция (4.3-тармақта көрсетілген операцияларды қоспағанда).
- 2.8. ХТЖ — Осы Қағидалар мәтінінде Халықаралық төлем жүйесі.
- 2.9. Арнайы ұсынысты өткізу кезеңі — Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғанға дейінгі кезең.
- 2.10. Арнайы ұсыныстың жүлде қоры:
 - 2.10.1. Бас жүлде: Royal Birkdale, Southport, UK-дегі TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар – 1 (бір) жеңімпаз бен 1 (бір) ілесіп жүруші тұлғаға арналған.
 - 2.10.2. Royal Birkdale, Southport, UK-ге сапар — сапар 1 (бір) жеңімпаз бен 1 (бір) ілесіп жүруші тұлғаға есептелген, сапар кезеңі жол жүру уақытын есепке алғанда 4 (төрт) күнтізбелік күнді құрайды.
 - 2.10.3. Сапар келесіні қамтиды:
 - Манчестерге дейін және кері қарай бизнес-класспен 2 (екі) адамға арналған әуе билеттері, соның ішінде ҚҚС.
 - Салық резиденті ретінде 10% мөлшеріндегі ЖТС бойынша шығыстар.
 - 2 (екі) адамды сақтандыру.
 - 2.10.4. Mastercard Europe SA төмендегілер үшін төлем жасайды:
 - Mastercard-тан бағдарлама бойынша шараға 2 билет;
 - Манчестерге дейін және кері қарай бизнес-класспен 2 (екі) адамға арналған әуе билеттері, соның ішінде ҚҚС;
 - Royal Birkdale, Southport, UK орталығындағы 5* қонақүйде 4 (күнге) және 3 (үш) түнге 2 адамның тұруы;
 - TheOpen 2026 гольф чемпионатының ілеспе бағдарламасына сапар шеңберінде жоспарланған Манчестер қаласындағы трансфер: Манчестердегі әуежай-қонақүй-әуежай трансфері және турнирге дейін және қонақүйге кері қайту трансфері.

2.10.5. 1 (бір) жеңімпаз бен 1 (бір) ілесіп жүруші тұлға шенген визаларын өз бетінше ресімдейді және өз қаражаты есебінен төлейді.

Бағдарлама шеңберінде көзделмеген өзге көлік шығыстарын жеңімпаз бен оның ілесіп жүруші тұлғасы өз бетінше ұйымдастырады және өз қаражаты есебінен төлейді.

Тамақтану:

- таңғы ас мына келу күндері көзделген: 2-ші, 3-ші, 4-ші күндері;
- кешкі ас мына келу күндері көзделген: 1-ші, 3-ші күндері.
- басқа тамақтану уақыттарын жеңімпаз бен оның ілесіп жүруші тұлғасы өз бетінше ұйымдастырады және өз қаражаты есебінен төлейді.
- визалық қолдау;

Ұйымдастырушы мен Оператор тілдік кедергі туындаған жағдайда жеңімпаз бен ілесіп жүруші тұлға үшін аудармашы ұсынбайды.

2.11. Сапардың кестесі мен бағдарламасы:

1-ші күн: Қазақстан Республикасынан, Алматы немесе Астана қаласынан сапарға аттану, Манчестерге келу. 5* The Titanic Hotel Liverpool қонақүйіне орналасу. MC Hospitality Team тобымен кездесу, қарсы алу кешкі асы.

2-ші күн: қонақүйідегі таңғы ас, бос уақыт, чемпионатты тамашалау үшін гольф алаңына (чемпионат өтетін орынға) трансфер, гольф алаңынан қонақүйге кері қайту трансфері;

3-ші күн: қонақүйідегі таңғы ас, гидпен бірге қала бойынша экскурсия, бос уақыт, қоштасу кешкі асы;

4-ші күн: қонақүйідегі таңғы ас, қонақүйден Манчестер әуежайына трансфер, Ұлыбританиядан Қазақстан Республикасына, Алматы немесе Астана қаласына аттану.

2.12. Сапар қайтаруға, айырбастауға және сатуға жатпайды. Сапар жақын туыстарға немесе өзге тұлғаларға берілмейді.

2.13. Жеңімпаз бен оның ілесіп жүруші тұлғасының Royal Birkdale, Southport, UK-де өтетін TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапарын ұйымдастыру барысында туындайтын шығыстар бойынша міндеттемелерді Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша, 5.9.; 2.10.3.; 2.10.5 тармақтарды қоспағанда, Оператор «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) ЖШС өзіне қабылдайды.

2.14. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын (ТКҰ ЖТС) төлеу міндеттемесі Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша Оператор «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) тарапынан туындайды.

2.15. Бас жүлде жеңімпазы — Арнайы ұсыныстың нәтижелері бойынша Royal Birkdale, Southport, UK-дегі TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапарды алушы деп танылған қатысушы. Жеңімпаз тек біреу ғана болуы мүмкін және ол сапар уақытында 18 (он сегіз) жасқа толған 1 (бір) ілесіп жүруші тұлғаны өзімен бірге сапарға алуға құқылы.

2.16. Дублер — негізгі жеңімпаз бас жүлдеден немесе қосымша жүлдеден бас тартқан жағдайда, қосалқы жеңімпаз деп танылған қатысушы. Бас жүлденің негізгі жеңімпазын ауыстыру үшін 3 (үш) дублер анықталады.

2.17. Ілесіп жүруші тұлға — бірге сапар шегу үшін Арнайы ұсыныстың бас жүлде жеңімпазының өзі анықтаған адам. Ілесіп жүруші адам сапар уақытында 18 жастан асқан болуы тиіс.

2.18. Транзакция — Банк клиенті – World Elite Mastercard премиум карталарын пайдаланушы өз қаражаты есебінен жасаған, кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда Банкте ашылған Mastercard төлем жүйесінің World Elite Mastercard премиум карталарымен тауарларға және/немесе көрсетілетін қызметтерге төлем жасау, қолма-қол ақшасыз төлемдер, соның ішінде «Freedom SuperApp» мобильді қолданбасындағы, Интернет-банкингтегі (e-com транзакциялар) сатып алулар.

2. Арнайы ұсыныстың қатысушылары

3.1. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыса алады:

1. Priority бизнес түрі бар жеке тұлғалар;
2. резиденттер, Қазақстан Республикасының азаматтары және тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар;
3. қатысу сәтінде 18 жасқа толғандар;
4. Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғандағы кезеңде Mastercard World Elite премиум карталары бойынша retail-транзакцияларының жалпы сомасы кемінде 1

000 000 (бір миллион) теңгені (немесе шетел валютасындағы баламасын) құраған клиенттер; Тек Apple Pay, Google Pay, Garmin Pay, Samsung Pay сервистері арқылы жасалған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге төлемдер ғана есепке алынады;

5. Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 28.06.2026 жылды қоса алғандағы кезеңде Банкте 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден басталатын сомада немесе шетел валютасындағы баламасында ақшалай қаражаты бар Priority бизнес түрі бар қазіргі клиенттер, соның ішінде:

Жаңа клиенттер:

- Акция өткізу кезеңінде кез келген күні өз шоттарына 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден басталатын соманы немесе шетел валютасындағы баламасын орналастырғандар.
- Аталған қалдықты акция аяқталғанға дейін сақтап тұрғандар.

Қазіргі клиенттер:

- Өз шоттарындағы қалдықтарды олардың сомасы 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден немесе шетел валютасындағы баламасынан асатындай етіп толықтырғандар немесе қосымша қаражат орналастырғандар.
 - Осы қалдықты акция аяқталғанға дейін сақтап тұрғандар.
- Арнайы ұсыныс өткізілетін уақытта банктік шоттарында шектеулері (тыйым салу, операцияларды тоқтату және т.б.) жоқ тұлғалар.
- Осы шарттарға сәйкес келетін барлық клиенттер автоматты түрде акцияға қатысушы болады және жүлде ұтысына қатысады.

3.2. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыса алмайды:

1. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;
2. Арнайы ұсыныс өткізілген уақытта 18 жасқа толмаған тұлғалар;
3. Арнайы ұсыныс өткізілу кезеңінде өзге карталармен және өзге ХТЖ (Mastercard-тан басқа) карталарымен транзакциялар жасаған Банк клиенттері;
4. Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғандағы кезеңде Банктегі ақшалай қаражаты 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден немесе шетел валютасындағы баламасынан кем болған клиенттер;
5. Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғандағы кезеңде Mastercard World Elite премиум карталары бойынша retail-транзакциялары 1 000 000 (бір миллион) теңгеден немесе шетел валютасындағы баламасынан кем болған клиенттер;
6. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлері және олардың жақын туыстары, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
7. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Holding Corp. басшылығы;
8. «Фридом Банк Қазақстан» АҚ VIP-клиенттері;
9. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптары қолданылатын тұлғалар;
10. Мемлекеттік қызметкерлер;
11. Корпоративтік төлем карталарын ұстаушылар;
12. Ұйымдастырушымен және Оператормен шарттық қатынастары бар, арнайы ұсынысты дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты үшінші тұлғалардың өкілдері, жұмыскерлері мен тұлғалары қатысуға жіберілмейді.

4. Арнайы ұсынысқа қатысу шарттары

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғандағы кезеңде Mastercard World Elite премиум карталары бойынша жалпы сомасы кемінде 1 000 000 (бір миллион) теңге (немесе шетел валютасындағы баламасы) болатын retail-транзакциялар жасау;

- Apple Pay, Google Pay, Garmin Pay, Samsung Pay сервистері арқылы жасалған тауарлар мен қызметтерге төлемдер ғана есепке алынады;
- Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 2026 жылғы 28 маусымды қоса алғандағы кезеңде Банктегі ақшалай қаражат сомасы 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден жоғары немесе шетел валютасындағы баламасында болуы тиіс;
- Банктің сайтында Priority бизнес түрі бар клиенттерге арналған осы Арнайы ұсыныстың Қағидаларымен танысу.

4.2. Транзакциялардың келесі түрлері есепке қабылданады:

- POS-терминалдар арқылы Freedom Bank-тің Mastercard World Elite премиум карталарымен жасалған төлемдер, QR немесе контактісіз төлемдер (Apple/Google/Garmin/Samsung Pay);
- Freedom Bank-тің Mastercard World Elite премиум карталарымен жасалған, төменде көрсетілгендерді қоспағандағы интернет-төлемдер.

4.3. Арнайы ұсынысқа келесі транзакциялар қатыспайды:

- казинолардағы, тотализаторлардағы және басқа да ойын мекемелеріндегі;
- бәс тігулер мен ставкаларға (соның ішінде ат жарыстарындағы және өзге жарыстардағы) төлемдер бойынша;
- лотерея билеттерін, облигацияларды, жүлделер ұтысына немесе өзге көтермелеулерге қатысу құқықтарын сатып алу бойынша;
- сақтандыру компаниялары мен пақ қорларның пайдасына жасалған төлемдер («Freedom Finance Insurance» СК» АҚ қоспағанда);
- қаржы ұйымдарымен жасалған;
- ломбардтардың пайдасына жасалған;
- олар бойынша кейіннен қаражатты қайтару жүзеге асырылған;
- электрондық әмияндарды толықтырумен байланысты (әлеуметтік желілер сервисі, «Яндекс.Деньги», WebMoney, Platezh.ru және т.б. арқылы);
- қайырымдылық, саяси ұйымдарына, азаматтық қауымдастықтарға мүшелік және басқа да жарналарды төлеу бойынша;
- жол чектерін, акцияларды және өзге де бағалы қағаздар мен бағалы металдарды сатып алу бойынша;
- шетел валютасын сатып алу бойынша;
- интернет-ресурс арқылы телекоммуникациялық қызметтерге төлем жасау бойынша;
- шоттар арасындағы аударымдар, қолма-қол ақшаны алу және осыған ұқсас операциялар.

5. Жүлдені алу тәртібі:

5.1. Жеңімпазды Департамент директоры және Priority Business қызметкері, Карталық бизнес департаментінің, Қаржылық жоспарлау және деректерді талдау департаментінің қызметкерлерінен құралған комиссия рандомды (кездейсоқ таңдау) әдіспен анықтайды, Арнайы ұсынысты өткізу және жеңімпазды анықтау нәтижелерінің Хаттамасы әзірленеді.

5.2. Банк жүлде жеңімпазына Арнайы ұсыныстың жеңімпазы анықталған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Банктің Priority бөлімшелерінің Қаржы кеңесшісінің Клиенттің «Colvir» АБАЖ-дағы телефон нөміріне қоңырау шалуы, қорытындылар туралы ақпараты бар хабарламаны Whatsapp-қа жіберу арқылы хабарлайды.

5.3. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз:

- күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Келісім өтінішіне қол қою үшін Банкке келуге;
- жеке куәлігінің көшірмесін ұсынуға;

- Банк көрсеткен өзге де шарттарды сақтауға тиіс.

5.4. Жеңімпаздардың бірімен күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде байланысу мүмкін болмаған жағдайда, жүлде басқа қатысушы дублерге берілуі мүмкін.

5.5. Жүлде жеңімпазының жүлдені өзінің жақын туыстарына және өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

5.6. Жүлде жеңімпазының қаржылық пайда табу мақсатында сапарды айырбастауға және үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

5.7. Құжаттарды жинау барысында жеңімпазға виза берілмеген жағдайда, жүлде (Freedom Bank-тің Mastercard төлем карталарымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар) автоматты түрде бірінші дублерге өтеді, оны да Priority Business департаментінің директоры және қызметкері, Карталық бизнес департаментінің және Қаржылық жоспарлау және деректерді талдау департаментінің қызметкерлерінен құралған Комиссия анықтайды және хаттама жасайды. Бірінші дублердің жүлдені алуы мүмкін болмаған жағдайда, Банк ұтысты екінші дублерге беру құқығын өзіне қалдырады.

5.8. Виза алу үшін құжаттарды тапсыру Алматы немесе Астана қалаларындағы визалық орталықтарда жүзеге асырылады. Жеңімпаздың және оның ілесіп жүруші тұлғасының жеке қатысуы міндетті болып табылады.

5.9. Сапардың барлық қатысушылары (бас жүлде жеңімпазы және ілесіп жүруші тұлға) Манчестерге бір нүктеден — Алматы қаласынан аттанады.

5.10. Freedom Bank-тің Mastercard премиум төлем карточкаларымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапардың құнына тікелей кірмейтін шығыстарды жеңімпаз тарап өтейді. Соның ішінде:

- визаға құжаттарды тапсыру кезіндегі жол жүру және/немесе тұру (Астана қ. немесе Алматы қ.);
- сапарға аттану орнына дейін жол жүру және аттанғанға дейін тұру (Астана қ. немесе Алматы қ.).

Арнайы ұсыныстың жеңімпазын анықтау күні	Транзакциялар жүргізу кезеңі	Жеңімпаздар саны	TheOpen 2026 гольф чемпионатына Манчестерге сапарға аттанатын адамдардың саны
01.07.2026	Банк Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 28.06.2026 жылға дейін	Бас жүлде – Freedom Bank-тің Mastercard премиум төлем карталарымен TheOpen 2026 гольф чемпионатына сапар	Банк анықтайтын 1 (бір) жеңімпаз және жеңімпаз анықтайтын 1 (бір) ілесіп жүруші тұлға.

6. Өзге ережелер

6.1. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялау арқылы осы Арнайы ұсыныстың Қағидаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6.2. Арнайы ұсынысқа қатысу қатысушының осы Қағидалармен толық келісетінін білдіреді.

6.3. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

6.4. Банк еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, кез келген уақытта осы Арнайы ұсыныстың күшін жою немесе біржақты тәртіппен шарттарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

7. Жеңімпазды анықтау тәртібі

7.1. Банк Арнайы ұсыныстың қорытындысы бойынша жүлде Жеңімпазын анықтау үшін осы құжаттың 3-бөлімінде көрсетілген және Арнайы ұсыныстың шарттарына сәйкес келетін барлық Қатысушылардың тізімін қалыптастырады. Жүлде жеңімпазын Банк Комиссия құрамында 2026 жылғы «01» шілдеден кешіктірілмейтін мерзімде кездейсоқ таңдау (рандомды анықтау) әдісі арқылы анықтайды.

7.2. Клиент бірнеше Mastercard World Elite премиум карталары бойынша транзакциялар жасаған жағдайда,

ол Арнайы ұсынысқа қатысу үшін бір Клиент ретінде анықталады.

7.3. Жеңімпаздарды таңдаудың ашықтығын бақылау үшін Банк өкілдері қатарынан 4 (төрт) адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссия құрамына: Priority Business департаментінің директоры және қызметкері, Қарталық бизнес департаментінің қызметкері және Қаржылық жоспарлау және деректерді талдау департаментінің қызметкері кіреді. Комиссия мүшелерінің функцияларына келесілер кіреді:

- жеңімпазды анықтаудың адалдығы мен ашықтығын бақылау;
- жеңімпаздар тізімін растау (жүлде: 1 жеңімпаз және 2 дублер).

7.4. Жеңімпаздар комиссияның қатысуымен, әрбір қатысушыға берілетін бірегей сәйкестендіруші (реттік нөмір) бойынша кездейсоқ сандар генераторының көмегімен анықталады.

Жүлденің негізгі жеңімпазын анықтаумен бірге, негізгі жеңімпаз сияқты әдіспен 2 (екі) дублер анықталады. Дублер қатысушылар тізімі негізгі жеңімпаз шараға қатысудан бас тартқан немесе ұйымдастырушы белгіленген мерзімде – күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде негізгі жеңімпазға қоңырау шалып байланыса алмаған жағдайға арналып дайындалады. Бұл жағдайда Банк негізгі жеңімпазды дублер қатысушылардың тиісті тізіміндегі дублермен алмастырады.

7.5. Жүлде жеңімпазын анықтау қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оны Банктің уәкілетті өкілі қалыптастырады және бұрыштама (виза) қояды.

7.6. Жүлде жеңімпазын анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және ешбір жағдайда қайта қаралмайды.

7.7. Арнайы ұсыныстың жеңімпаздары қатысу шарттарына сәйкестігіне қосымша тексеруден өтуі тиіс, соның ішінде:

- іске қосылған Mastercard World Elite премиум картасының болуы;
- банктік шоттарында шектеулер мен тыйым салулардың болмауы;
- осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген шарттардың сақталуы.

7.8. Кез келген Жеңімпаздың арнайы ұсыныс шарттарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, жүлде Жеңімпаз сияқты әдіспен таңдалған келесі резервтік Қатысушыға – Дублерге беріледі.

Өтініш-бас тарту (үлгі)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____ ханымнан/мырзадан

ӨТІНІШ

Мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ өткізген «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша «Freedom Bank-тің Mastercard төлем карталарымен армандағы матчқа сапар» Арнайы ұсынысы шеңберінде жеңімпаз болап табыламын және осы арқылы Royal Birkdale, Southport, UK-де өтетін TheOpen 2026 гольф чемпионатына барудан бас тартатынымды растаймын. Ұйымдастырушыға – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа қатысты ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20__ ж. «____» _____